**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 мамырда № 38833 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан – әрі Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының екінші, бесінші және жиырмасыншы абзацтарын, Тізбенің 2-тармағының екінші, төртінші және алтыншы абзацтарын, Тізбенің 3-тармағының екінші, төртінші, алтыншы және он төртінші абзацтарын, Тізбенің 4-тармағының екінші абзацын, Тізбенің 5-тармағының екінші және бесінші абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі* — *А. Сапаров*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 29 мамырдағы
№ 209 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 30) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 30) тармақшасына, " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) және

Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға (бұдан әрі − Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар) сәйкес әзірленді және тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына рұқсат алу үшін болжамды орын ауыстыру басталғанға дейін портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынады.

Өтініш жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектісінің, сондай-ақ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспорты (импорты) жоспарланатын, ветеринариялық препараттарды, азықты және азықтық қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдардың орналасқан жері бойынша беріледі.

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Портал мен цифрлық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы цифрлық заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Өтініш берілгеннен кейін порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ведомствоның аумақтық бөлімшесінің жауапты орындаушысы өтінішті алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініштегі деректердің (мәліметтердің) толықтығын және дұрыстығын тексереді және ұсынылған деректердің (мәліметтердің) толық және дұрыс болмау фактісі анықталған жағдайда, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту үшін негіз дайындап, "E-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" цифрлық жүйесі (бұдан әрі - цифрлық жүйе) арқылы ведомствоға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы толық және дұрыс деректерді (мәліметтерді) ұсынған жағдайда, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің жауапты орындаушысы өтініш келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініштен алынған деректерді ( мәліметтерді) цифрлық жүйеге енгізеді және цифрлық жүйе арқылы ведомствоға жолдайды.

10. Ведомствоның жауапты жұмыскері 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының өтінішінен алынған деректерді (мәліметтерді) цифрлық жүйеде қарайды және олардың осы Қағидалардың 13-тармағының талаптарына сәйкестігін тексереді.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік алып өтуге басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісу кезінде ведомствоның жауапты жұмыскері 1 (бір) жұмыс күні ішінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік алып өтуге сұраным дайындап, басқа мемлекеттердің қызметтеріне жібереді.";

12-1-тармақ алып тасталсын;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.";

көрсетілген Қағидаларға 2 және 3-қосымшалар осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне ( бұдан әрі – Тізбесі) 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7-1/19 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10410 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 46-13) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі − Заң) 8-бабы 46-13) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі − Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру тәртібін, сондай-ақ " Ветеринариялық зертханалар беретін сараптама актілерін (сынау хаттамаларын) беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "E-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" цифрлық жүйесі (бұдан әрі – цифрлық жүйе) – сараптама актілері (сынақ хаттамалары) туралы мәліметтердің орталықтандырылған есепке алынуын қамтамасыз етуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып реттелген жиынтығы;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

4-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) цифрлық жүйені пайдалана отырып, диагностикалық зерттеулер нәтижелері бойынша сараптама актісін (сынақ хаттамасын) ресімдеуді және беруді қамтиды.";

5-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) цифрлық жүйені пайдалана отырып, ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері бойынша сараптама актісін (сынақ хаттамасын) ресімдеуді және беруді қамтиды.";

6-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) цифрлық жүйені пайдалана отырып ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері бойынша сараптама актісін (сынақ хаттамасын) ресімдеуді және беруді қамтиды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің орнын ауыстыру (тасу) (импорт/экспорт) кезінде, сондай-ақ Заңның 35-бабы 2-тармағының 3), 5), 6-1), 6-3) және 7) тармақшаларында көзделген іс-шараларды жүргізу кезінде аумақтық бөлімшенің кеңсесі арқылы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – ЖАО) кеңсесі арқылы немесе портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің орнын ауыстыру (тасу) ( импорт/экспорт) кезінде, сондай-ақ Заңның 35-бабы 2-тармағының 3), 6-3) және 7) тармақшаларында көзделген іс-шараларды жүргізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін диагностикалау немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау үшін олардан сынамалар алуды тиісті әкімшілік аумақтық бірліктердің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары жүргізеді.

Заңның 35-бабы 2-тармағының 5), 6-1) тармақшаларында көзделген іс-шараларды жүргізу кезінде диагностикалауға арналған биологиялық материалдың сынамаларын алуды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарының ветеринария саласындағы мамандары жүргізеді.

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді аумақтық бөлімшенің/ЖАО-ның қызметкерлері "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Портал мен цифрлық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

18-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Диагностикалық зерттеулер және ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптама актісін (сынақ хаттамасын) не цифрлық жүйені пайдалана

отырып осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды ресімдейді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 32) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

2) тармақшасы 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 32) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік

жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

3-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) геоақпараттық сервис – пайдаланушының цифрлық картада өндіріс объектісінің координаттарын (ендік пен бойлық) қалыптастыру үшін бұрылыс нүктелерін таңдауына арналған цифрлық жүйенің сервисі;";

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өндіріс объектілерінің есепке алу нөмірлерінің цифрлық тізілімі – өтініштер, өндіріс объектілері туралы мәліметтердің, сондай-ақ берілген есепке алу нөмірлері туралы мәліметтердің жиынтығы;

8) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

8-1) тармақша алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге арналған өтінішті жолдайды.

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, өндіріс объектісіне бұрын берілген есепке алу нөмірі туралы, өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының бар-жоғы туралы, меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға беру/өтеусіз пайдалану) өндірістік үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын мемлекеттік цифрлық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Портал мен цифрлық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы жеке кабинеттегі тиісті мәртебе порталда өтініштің қабылданғанын растау болып табылады." ;

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген, дара кәсіпкерді қайта тіркеу және (немесе) оның атауы өзгерген, заңды тұлғаның атауы өзгерген және ( немесе) заңды тұлға бірігу, қайта құру, заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға қосылуы, бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған, өндірістік үй-жайларға меншік құқығы өзгерген немесе өндірістік үй-жайларды жалға беру шарты (өтеусіз пайдалану шарты) өзгерген, бұзылған, тоқтатылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы өзгерістер туындаған сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде көрсетілетін қызметті берушіге ақпараты мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда , өзгерістер туралы ақпаратты растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге өтініш береді.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өзгерістер өндіріс объектісінің жүзеге асырылатын қызмет түрінің өзгеруіне әкеп соқпаса, онда көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өндіріс объектісіне есепке алу нөмірінің берілгені туралы растауды қайта ресімдейді.

Қызмет түрі өзгерген жағдайда, өндіріс объектісі осы Қағидаларға сәйкес есепке алу нөмірін беру рәсімінен қайта өтеді.

Жылжымалы (мобильді) объектілері бар өндіріс объектілері оларды қолданыстағы есепке алу нөміріне байланыстырады.

11. Өндіріс объектісіндегі қызмет тоқтатылған (уақытша тоқтатылған) кезде көрсетілетін қызметті алушы өндіріс объектісін есептен шығаруға бастамашылық жасайды және өндіріс объектісіндегі қызмет тоқтатылған (уақытша тоқтатылған) сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіндегі қызметті тоқтату (уақытша тоқтату) туралы өтініш береді.

Өндіріс объектісіндегі қызметті тоқтату (уақытша тоқтату) туралы өтінішті көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қарайды және "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" цифрлық жүйесінде (бұдан әрі – цифрлық жүйе) өндіріс объектісінің мәртебесін өзгертуді жүзеге асырады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Елдің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарына сәйкес келген кезде экспортты/импортты жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне осы

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектілерін есепке алу нөмірлерінің цифрлық тізілімінде "Экспорт/Импорт" беріледі және есепке алу нөміріне осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Е" (экспорттаушылар үшін), "I" ( импорттаушылар үшін) символы қосымша енгізіледі.";

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші бұл туралы техникалық істен шығу пайда болған сәттен бастап дереу "цифрлық үкіметтің" операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді.

Бұл ретте, туындаған істен шығуды жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы еркін нысанда хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

19. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекетік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға 2, 3 және 8-қосымшалар осы Тізбеге 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестіктігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/69 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10898 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрыққа 1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 302 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21364 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру қағидалары "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

5), 6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

6) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге Тізбенің 8 -тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті

көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, ветеринариялық-санитариялық қорытынды туралы, лицензия туралы, бюджетке лицензиялық алымның төленгені (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін пайдаланылатын мемлекеттік цифрлық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Портал мен цифрлық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.";

13-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайы, заңды тұлға–лицензиаттың орналасқан жерінің мекенжайы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көшелер атауының өзгеруіне байланысты өзгерсе, онда осы Қағидалардың осы тармағы бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жүзеге асырылмайды. Лицензиаттардың мекенжайларына мұндай өзгерістер мемлекеттік цифрлық жүйелерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады.";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Тиісті аумақтағы эпизоотиялық
жағдайды бағалауды ескере
отырып, орны ауыстырылатын
(тасымалданатын) объектілердің
экспортына, импортына және
транзитіне рұқсат беру

қағидаларына
2-қосымша

# "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектілердің экспортына және импортына рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектілердің экспортына және импортына рұқсат беру** | | |
|---|---|---|
| 1. | Көрсетілетін қызметтіті берушінің атауы | Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы немесе оның орынбасарлары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2. | Мемлекеттік қызметті ұсынуу тәсілдері | "Цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3. | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына арналған рұқсат – 2 (екі) жұмыс күні.<br>Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің транзитіне басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді қажет ететін рұқсаттар – 30 (отыз) жұмыс күні. |
| 4. | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара цифрландырылған). |
| 5. | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту. |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| | | 1) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан |

| | | |
|---|---|---|
| 7. | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сағат 17-00-ден кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің –Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.<br>Өтініш демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа сағат 17.00-ден кейін келіп түскен жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. |
| 8. | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/ 647 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген) бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) обьектілердің экспортына, импортына және транзитке рұқсат беру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.<br>Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын |

| | | |
|---|---|---|
| | | мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді. |
| 9. | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектінің, көлік құралының, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімнің болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің www.gov.kz интернет-ресурсында |

| | | |
|---|---|---|
| | | орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Тиісті аумақтағы эпизоотиялық
жағдайды бағалауды
ескере отырып, орны ауыстырылатын
(тасымалданатын) обьектілердің
экспортына, импортына және
транзитіне рұқсат беру
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Кімге: __________________________
(көрсетілетін қызметті беруші)
кімнен: __________________________
(заңды тұлғалар үшін: толық атауы,
бизнес- сәйкестендіру нөмірі, орны
ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілерді тасымалдауды
(орнын ауыстыруды) жүзеге асыратын
жеке тұлғалар үшін: аты, әкесінің
аты (бар болса), тегі, жеке
сәйкестендіру нөмірі, абоненттік
телефонның нөмірі)

**Өтініш**

Сізден __________________________________ рұқсат беруіңізді сұраймын. (экспортқа/импортқа керегін көрсету қажет)

| | | |
|---|---|---|
| **1.** | **Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы.** | |
| 2. | Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің саны, оның өлшем бірліктері. | |
| 3. | Еуразиялық экономикалық одақтың бақылаудағы тауардың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды (алғашқы төрт сан). | |
| | Үшінші мемлекеттер тауарының коды (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден тыс) (алғашқы төрт сан). | |
| | Өндіруші кәсіпорын (кәсіпорынның есепке алу нөмірі*, | |

| | | |
|---|---|---|
| 4. | кәсіпорынның атауы, аттестатталған қызмет түрі). | |
| 5. | Жүк жөнелтуші (кәсіпорынның атауы), (есепке алу нөмірі*). | |
| 6. | Жүк жөнелтушінің мекенжайы (ел , аймақ, аудан, мекенжайы). | |
| 7. | Орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектінің нақты орналасқан жері, мекенжайы. | |
| 8. | Экспорттаушы ел (импорттаушы ел). | |
| 9. | Жүк алушы (импорттау кезіндегі есепке алу нөмірі *), ( кәсіпорынның атауы**). | |
| 10. | Жүк алушының мекенжайы (ел, өңір, аудан, мекенжайы). | |
| 11. | Транзит (иә/жоқ, елді көрсету) | |
| 12. | Орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектінің экспорты, импорты кезінде пайдаланылуы болжанатын көлік түрі (бірізді орын ауыстыру тәртібімен). | |
| 13. | Орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектіні алып өту көзделетін мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерін көрсете отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын ) объектінің жол жүру бағдары. | |
| 14. | Экспорттың, импорттың мақсаттары (мақсаттар цифрлық жүйеде айқындалған). | |
| 15. | Жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның (бұдан әрі – СИТЕС) ықпалына түсетін жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге немесе жойылып кету қаупі төнген және СИТЕС ықпалына түсетін тірі жануарларды, аңшылық олжаларын немесе олардың оңай танылатын бөліктерін немесе туындысын ( дериватын), оның ішінде құжаттары, орама жапсырмалары немесе басқа белгілері бойынша жануарлардың бөліктері немесе | |

| | | |
|---|---|---|
| | туындылары (дериваттары) болатындарды немесе бола алатындарды әкеткен жағдайда, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге арналған рұқсаттардың берілген күндері және нөмірлері. | |
| 16. | Ветеринариялық препараттардың немесе азықтық қоспалардың шыққан елін және тіркеу куәлігінің нөмірін (тіркелген, қайта тіркелген күні) көрсете отырып, өндіруші ұйымдардың ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың экспорты кезінде.<br>Ветеринариялық препараттардың немесе азықтық қоспалардың шыққан елін және тіркеу куәлігінің нөмірін (тіркеу, қайта тіркеу күні)/Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекетте тіркелгенін растайтын құжатты (тіркеу, қайта тіркеу күні, Еуразиялық экономикалық одаққа *** мүше мемлекеттің атауы) көрсете отырып өндіруші ұйымдардың ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың импорты кезінде. | |
| 17. | Асыл тұқымды малдың және асыл тұқымды өнімнің (материалдың) импорты кезінде асыл тұқымды малдың, асыл тұқымды өнімнің ( материалдың) импорты туралы мәліметтерді көрсету. | |
| 18. | Малдың тұқымы және жыныстық-жас тобы. | |
| 19. | Ұйымның, елдің, өңірдің, ауданның, қаланың атауы көрсетілген жануарларды карантиндеу орны. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын ) объектіні карантиндеу, өндіру, сақтау шарттары. | |
| 20. | Орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектінің сипаттамасы (рефрижератор – VIN коды, дезинфекция туралы анықтаманың нөмірі және берілген күні). | |

"Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жатқызылған тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптардан ерекшеленетін талаптар бойынша Қазақстан Республикасына үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттер) әкелінген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге әкетілуіне жол бермеу туралы келісімді растаймын.

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

(өтініш беру күні) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, телефоны) (электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Ескертпе: * Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес берілген есепке алу нөмірі көрсетіледі;

** Еуразиялық экономикалық одақтың бақылаудағы тауардың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды бар 1001 19 000 0, 1001 99 000 0, 1002 90 000 0, 1003 90 000 0, 1004 90 000 0, 1005 90 000 0, 1201 90 000 0, 2309 ( жемдік астық) тауарлар үшін экспорттау кезінде импорттаушы ел туралы мәліметтерден басқа, жүк алушыны көрсету қажет етілмейді;

*** Қазақстан Республикасында және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелмеген ветеринариялық препаратты, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеу үшін ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды байқаудан өткізу, тіркеу сынақтарын жүргізу үшін қажетті мөлшерде және көлемде ветеринариялық препараттардың немесе азықтық қоспалардың тіркеу куәлігінің нөмірін (тіркеу, қайта тіркеу күні)/Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекетте тіркелгенін растайтын құжатты (тіркеу, қайта тіркеу күні, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің атауы) көрсетпей әкелуге жол беріледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларына
1-қосымша

# "Ветеринариялық зертханалар беретін сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: Ветеринариялық зертханалар беретін сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны және оның филиалдары және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны және оның филиалы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:<br>1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық инспекциялары/ облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер/ЖАО);<br>2) "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| | | Диагностикалық зерттеулер немесе ветеринариялық-санитариялық сараптама аяқталғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде. Диагностикалық зерттеулер немесе |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | ветеринариялық-санитариялық сараптама мынадай мерзімдерде жүргізіледі:<br>серологиялық зерттеулер бойынша:<br>классикалық – 5 (бес) жұмыс күні ішінде;<br>иммундық-ферменттік талдау ( ИФТ) – 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде (сынамалардың жиналуына қарай);<br>вирусологиялық зерттеулер – 25 ( жиырма бес) жұмыс күні ішінде ( зерттеулер жөніндегі әдістемелерге байланысты);<br>молекулярлық-генетикалық зерттеулер (МГЗ) – 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ( сынамалардың жиналуына қарай);<br>бактериялогиялық зерттеулер бойынша:<br>микроскопия – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;<br>биологиялық сынама – 70 (жетпіс) жұмыс күні ішінде (зерттеулер жөніндегі әдістемелерге байланысты);<br>паразитологиялық зерттеулер бойынша – 3 (үш) жұмыс күні ішінде;<br>тамақ өнімдерінің, азық және азықтық қоспалардың қауіпсіздігі көрсеткіштерін анықтау бойынша – 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде;<br>тамақ өнімдерін міндетті және қосымша зерттеулер бойынша – 1 (бір) жұмыс күні ішінде.<br>Сынамаларды алу және оларды зертханаға зерттеуге жолдау – 3 ( үш) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара цифрландырылған)/ қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Сараптама актісі (сынақ хаттамасы) не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту. |
| | | Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) ақылы негізде көрсетіледі.<br>Мемлекеттік қызметі көрсету құнын көрсетілетін қызметі |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | беруші Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 116-бабы 1 -тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 3 ), 5), 6-1), 6-3) және 7) тармақшаларына сәйкес белгілейді және интернет-ресурста және үй-жайларда орналастырады.<br>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметке қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен не зертханалардың кассаларына қолма-қол ақшамен немесе шарттық міндеттемелер шеңберінде ақы төлейді.<br>Мемлекеттік ветеринариялық бақылау және қадағалау объектілерінен диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптама үшін сынамалар алу тегін жүзеге асырылады. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушінің –Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін;<br>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс уақытта өтінішті қабылдау және мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақытының кестесіне сәйкес белгілейді.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www. gov. kz интернет-ресурсында орналастырылған. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | Аумақтық бөлімшелер/ЖАО арқылы көрсетілетін қызметті берушіге:<br>1) нысан бойынша өтініш;<br>2) жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); порталда:<br>көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.<br>Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді аумақтық бөлімшелердің/ ЖАО-ның қызметкерлері " цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.<br>Цифрлық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.<br>Көрсетілетін қызметті беруші цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік құпиясөзді беру арқылы |

| | | |
|---|---|---|
| | | немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының сараптама актісін ( сынақ хаттамасын) алу үшін ұсынған құжаттарының және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты сараптама актісін (сынақ хаттамасын) алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада және цифрлық жүйелерде авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін ақпарат пайдаланушылар мобильді қосымшада және цифрлық жүйелерде қолжетімді әдістермен авторландырудан өтуі тиіс, одан әрі "Цифрлық құжаттар " бөліміне әрі қарай пайдалану үшін құжатты қарайды. |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Жануарлар өсіруді, жануарларды,
жануарлардан алынатын өнім мен
шикізатты дайындауды (союды),
сақтауды, өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне,
сондай-ақ ветеринариялық
препараттарды, жемшөп пен
жемшөп қоспаларын
өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі
ұйымдарға есептік
нөмірлер беру қағидаларына
2-қосымша

## "Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру** | | |
|---|---|---|
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2. | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерін қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3. | | 2 (екі) жұмыс күні.<br>"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 6 (алты) жұмыс күні, оның ішінде:<br>мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық |

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру – 4 (төрт) жұмыс күні;<br>өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірін беру – 2 (екі) жұмыс күні. |
| 4. | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара цифрландырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген). |
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беру туралы растау не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.<br>"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру және жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, азық және азықтық қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есепке алу нөмірлерін беру. |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| | | 1) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. |

| | | |
|---|---|---|
| 7. | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 2) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.<br>Жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақытының графигіне сәйкес белгілейді. |
| | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан | Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу үшін:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;<br>2) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар ( ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер ("цифрлық үкіметтің" шлюзінде мәліметтер болмаған жағдайда);<br>3) жалға беру, өтеусіз пайдалану шарты негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын өндіріс объектілері үшін : өндірістік үй-жайды жалға беру шартының (өндірістік үй-жайды өтеусіз пайдалану шартының) электрондық көшірмесін ұсынады.<br>"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және "бір өтініш" қағидаты бойынша есепке алу нөмірін беруге арналған өтінішті;<br>2) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар ( |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді (" электрондық үкімет" шлюзінде мәліметтер болмаған жағдайда);<br>3) жалға беру, өтеусіз пайдалану шарты негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын өндіріс объектілері үшін : өндірістік үй-жайды жалдау шартының (өндірістік үй-жайды өтеусіз пайдалану шартының) электрондық көшірмесін ұсынады.<br>Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы аңықтама, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, өндіріс объектісіне бұрын берілген есепке алу нөмірі туралы, өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының бар-жоғы туралы, меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға беру/өтеусіз пайдалану) өндірістік үй-жайлардың болуы туралы, меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын мемлекеттік цифрлық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) есепке алу нөмірін алу үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, объектілердің және (немесе) деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұ |

| | | |
|---|---|---|
| 9. | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | йрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімнің болмауы. |
| 10. | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар және "жеке кабинет" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен бірге "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілуі мүмкін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері |

| | | |
|---|---|---|
| | | жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777. |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Жануарлар өсіруді, жануарларды,
жануарлардан алынатын өнім
мен шикізатты дайындауды (союды),
сақтауды, өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс
объектілеріне, сондай-ақ
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөп қоспаларын
өндіру, сақтау және өткізу
жөніндегі ұйымдарға есептік
нөмірлер беру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беру туралы растау**

Осы растау ___________________________________________________________
____________________________________________________________________

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі
_____________________________________________________________________

заңды тұлғаның атауы)
_____________________________________________________________________

(өндіріс объектісінің қызмет түрі көрсетіледі)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді
және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес өндіріс объектісіне 20 ___ жылғы
"___" _______ есепке алу нөмірі берілгені туралы берілді.

Есепке алу нөмірінің қолданылу мерзімі 20 __ жылғы "___" ______ бастап 20 __ жылғы
"___" _____ дейін:
(кемінде 3 (үш) жыл мерзімге жалдау немесе өтеусіз пайдалану шарты негізінде қызметін

жүзеге асыратын өндіріс объектілерін қоспағанда, өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірлері 3 (үш) жыл мерзімге беріледі).

Ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің басшысы_____________________________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)            (электрондық цифрлық қолтаңбасы)

20 __ жылғы "___" ______




Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Жануарлар өсіруді, жануарларды,
жануарлардан алынатын өнім мен
шикізатты дайындауды (союды),
сақтауды,
өңдеуді және өткізуді жүзеге
асыратын өндіріс объектілеріне,
сондай-ақ ветеринариялық
препараттарды, жемшөп пен
жемшөп қоспаларын өндіру,
сақтау және өткізу жөніндегі
ұйымдарға есептік
нөмірлер беру қағидаларына
8-қосымша

Нысан

## Өндіріс объектілерін есепке алу нөмірлерінің цифрлық тізілімі

| **Р/с№** | **Өндіріс объектісін есепке алу нөмірі** | **Өндіріс объектісі иесінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі** | **Қызмет түрі** | **Өндіріс объектісінің санаты (стационарлық/мобильді)** | **Өндірістің мобильді объектісін мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгісі** | **Өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары (геоақпараттық сервис арқылы)*** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | бойлық | ендік |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Кестенің жалғасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| Өндіріс объектісін есепке алу нөмірін беру күні | Өндіріс объектісін есепке алу нөмірін кім берді ( аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, ұйым) | Өндіріс объектісін есептен шығару күні | Өндіріс объектісін есепке алуды кім алып тастады (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, ұйым) | Мәртебесі (Белсенді) /Белсенді емес) | Экспорт/Импорт |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

Ескертпе:

* Өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары ( бойлық және ендік) техникалық мүмкіндік болса, геоақпараттық сервис арқылы анықталады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 қаңтардағы
№ 7-1/69 бұйрығына
1-қосымша

## Ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

| Р/с № | Біліктілік талаптары | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | Жануарлар ауруларын емдеу және олардың профилактикасы бойынша препараттар шығару үшін мыналардың болуы:<br>1) қосалқы материалдарды, химиялық ерітінділерді, қоректік орталарды, жасушалардың өсіріндiлерін дайындайтын үй-жайлардың;<br>2) өндірістік үй-жайлардың (цехтың, бөлімнің);<br>3) виварияның;<br>4) изоляторлардың; | Өндірістік үй-жайларға құқық белгілейтін құжаттар немесе осы шарттар бір жылдан кем | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | 5) өндірушінің өндірістік бақылау бөлімшелерінің;<br>6) температураны және ылғалдылықты (қажет болған жағдайда) тіркейтін датчиктермен жабдықталған термостаттық бөлменің;<br>7) зертханалық ыдыстарды, қоректік орталарды, құралдарды стерильдеуге және микробтық өсірінділерді, залалданған материалды және басқа да биологиялық қалдықтарды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға) арналған автоклавтың;<br>8) ыдыстарды жуу және дайындау үшін жуу бөлмесінің;<br>9) буып-түюге арналған үй-жайдың;<br>10) ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған қойма үй-жайының;<br>11) стационарлық коммуникациялардың – өндірістің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ыстық және суық сумен жабдықтаудың, электрмен жабдықтаудың және кәріздің;<br>12) өндіріс қалдықтарын және сарқынды суларды залалсыздандыру жүйесінің болуы. | мерзімге жасалған жағдайда жалға алу немесе өтеусіз пайдалану немесе сенімгерлік басқару шартының көшірмелері; "Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) (бұдан әрі - Бұйрық) сәйкес берілетін ветеринариялық-санитариялық қорытынды. | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға алу/ өтеусіз пайдалану/ сенімгерлік басқару) өндірістік үй-жайлар бар болған жағдайда, ақпарат жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесінен алынады.<br>Ветеринариялық-санитариялық қорытынды туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесінен алады. |
| | Жануарлар ауруларын диагностикалау бойынша препараттар шығару үшін:<br>1) қосалқы материалдарды, химиялық ерітінділерді, қоректік орталарды, жасушалардың өсірінділерін дайындайтын үй-жайлардың; | | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | 2) өндіріс бойынша үй-жайлардың (цехтың, бөлімнің);<br>3) өндірушінің өндірістік бақылау бөлімшелерінің;<br>4) ыдыстарды жуу және дайындау үшін жуу бөлмесінің;<br>5) буып-түюге арналған үй-жайдың;<br>6) ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған қойма үй-жайының;<br>7) стационарлық коммуникациялардың – өндірістің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ыстық және суық сумен жабдықтаудың, электрмен жабдықтаудың және кәріздің;<br>8) өндіріс қалдықтарын және сарқынды суларды залалсыздандыру жүйесінің болуы. | Өндірістік үй-жайларға құқық белгілейтін құжаттар немесе осы шарттар бір жылдан кем мерзімге жасалған жағдайда жалға алу немесе өтеусіз пайдалану немесе сенімгерлік басқару шартының көшірмелері; Бұйрыққа сәйкес берілетін ветеринариялық-санитар иялық қорытынды. | астам мерзімге жалға алу/ өтеусіз пайдалану/ сенімгерлік басқару) өндірістік үй-жайлар бар болған жағдайда, ақпарат жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесінен алынады.<br>Ветеринариялық-санитар иялық қорытынды туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесінен алады. |
| 3. | Фармакологиялық белсенділігі бар препараттар шығару үшін :<br>1) ветеринариялық препаратты өндіретін үй-жайлардың (цехтың, бөлімнің);<br>2) өндірушінің өндірістік бақылау бөлімшелерінің;<br>3) ыдыстарды жуу және дайындау үшін жуу бөлмесінің;<br>4) буып-түюге арналған үй-жайдың;<br>5) ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған қойма үй-жайының;<br>6) стационарлық коммуникациялардың – өндірістің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ыстық және суық сумен жабдықтаудың, электрмен жабдықтаудың және кәріздің; | Өндірістік үй-жайларға құқық белгілейтін құжаттар немесе осы шарттар бір жылдан кем мерзімге жасалған жағдайда жалға алу немесе өтеусіз пайдалану немесе сенімгерлік басқару шартының көшірмелері; Бұйрыққа сәйкес берілетін ветеринариялық-санитар иялық қорытынды. | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға алу/ өтеусіз пайдалану/ сенімгерлік басқару) өндірістік үй-жайлар бар болған жағдайда, ақпарат жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесінен алынады.<br>Ветеринариялық-санитар иялық қорытынды туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "Е-лицензиялау" |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 7) өндіріс қалдықтарын және сарқынды суларды залалсыздандыру жүйесінің болуы. | | цифрлық жүйесінен алады. |
| 4. | Жануарлардың өнімділігін арттыруға арналған препараттар шығару үшін:<br>1) ветеринариялық препаратты өндіретін үй-жайлардың (цехтың, бөлімнің);<br>2) өндірушінің өндірістік бақылау бөлімшелерінің;<br>3) ыдыстарды жуу және дайындау үшін жуу бөлмесінің;<br>4) буып-түюге арналған үй-жайдың;<br>5) ветеринариялық препараттарды сақтауға арналған қойма үй-жайының;<br>6) стационарлық коммуникациялардың – өндірістің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ыстық және суық сумен жабдықтаудың, электрмен жабдықтаудың және кәріздің;<br>7) өндіріс қалдықтарын және сарқынды суларды залалсыздандыру жүйесінің болуы. | Өндірістік үй-жайларға құқық белгілейтін құжаттар немесе осы шарттар бір жылдан кем мерзімге жасалған жағдайда жалға алу немесе өтеусіз пайдалану немесе сенімгерлік басқару шартының көшірмелері; Бұйрыққа сәйкес берілетін ветеринариялық-санитариялық қорытынды. | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға алу/өтеусіз пайдалану/сенімгерлік басқару) өндірістік үй-жайлар бар болған жағдайда, ақпарат жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесінен алынады.<br>Ветеринариялық-санитариялық қорытынды туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесінен алады. |
| 5. | Дезинфекциялауға, дератизациялауға, дезинсекциялауға арналған препараттар шығару үшін:<br>1) ветеринариялық препаратты өндіретін үй-жайлардың (цехтың, бөлімнің);<br>2) өндірушінің өндірістік бақылау бөлімшелерінің;<br>3) ыдыстарды жуу және дайындау үшін жуу бөлмесінің;<br>4) буып-түюге арналған үй-жайдың;<br>5) ветеринариялық препараттарды сақтауға | Өндірістік үй-жайларға құқық белгілейтін құжаттар немесе осы шарттар бір жылдан кем мерзімге жасалған жағдайда жалға алу немесе өтеусіз пайдалану немесе сенімгерлік | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға алу/өтеусіз пайдалану/сенімгерлік басқару) өндірістік үй-жайлар бар болған жағдайда, ақпарат жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесінен алынады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | арналған қойма үй-жайының;<br>6) стационарлық коммуникациялардың – өндірістің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ыстық және суық сумен жабдықтаудың, электрмен жабдықтаудың және кәріздің;<br>7) өндіріс қалдықтарын және сарқынды суларды залалсыздандыру жүйесінің болуы. | басқару шартының көшірмелері; Бұйрыққа сәйкес берілетін ветеринариялық-санитариялық қорытынды. | Ветеринариялық-санитариялық қорытынды туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесінен алады. |
| 6. | Өндірілетін ветеринариялық препараттың техникалық шарттарына сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіруге арналған технологиялық, өлшеу және сынау жабдықтарының болуы, өндірілетін ветеринариялық препараттардың сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін аспаптармен және жабдықтармен (өлшеу құралдарының типін бекіту немесе метрологиялық аттестаттау мақсатында сынақтардың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшеу құралдары, көрсетілетін қызметті алушының қолымен расталған бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдық, "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өлшеу құралдарындағы салыстырып тексеру туралы сертификаттар | Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және (немесе) салыстырып тексеру таңбасының бедерлері және/немесе өлшем құралдарын калибрлеу туралы сертификаттар, сондай-ақ сынақ зертханасын аккредиттеу аттестаты не аккредиттелген сынақ зертханамен жасалған шарт) жабдықталған аккредиттелген сынақ зертханасының не көрсетілген зертханалары бар ұйымдармен сынақ жұмыстарын (көрсетілетін қызметтерді) орындау туралы шарттың болуы | ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны. | | |
| | Заңды тұлғалар үшін: басшылар мен мамандардың білікті құрамының: ветеринариялық препараттар өндірумен және өндірістік бақылаумен тікелей айналысатын бөлімшелерде "ветеринариялық медицина", "ветеринариялық санитария" мамандықтары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және (немесе) "ветеринария" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (колледж) білімі бар мамандардың (кемінде бір ветеринариялық дәрігер немесе фельдшер); ветеринариялық препараттар өндірумен және өндірістік бақылаумен тікелей айналысатын бөлімшелерде биотехнологиялық, химиялық немесе биологиялық жоғары | Осы біліктілік талаптарына қосымшаға | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7. | | немесе орташа білімі бар мамандардың; ветеринариялық препараттар өндірумен тікелей айналысатын бөлімшелер басшыларының және/немесе өндірістік бақылау бөлімшесі жұмыскерінің мамандық бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің, соңғы 5 жылда мамандануы немесе біліктілігін жетілдіру және біліктілігін арттырудың басқа да түрлерінің болуы.<br>Жеке тұлғалар үшін: "ветеринариялық медицина", "ветеринариялық санитария" мамандықтары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің және (немесе) "ветеринария" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (колледж) білімнің, мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің, соңғы 5 жылда мамандануы немесе жетілдіруі және біліктілігін арттырудың басқа да түрлерінің болуы. | сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны. | |

Ветеринариялық мақсаттағы
препараттарды өндіру бойынша
ветеринария саласындағы қызметті
жүзеге асыру үшін қойылатын
біліктілік талаптары мен оларға
сәйкестікті растайтын
құжаттар тізбесіне
қосымша

**Ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы берген ветеринариялық-санитариялық қорытынды туралы мәліметтер:

ветеринариялық-санитариялық қорытындының нөмірі және берілген күні

___________________________________________________________________

сәйкестендіру нөмірі ________________________________________________

2. Өндірілетін ветеринариялық препараттың техникалық шарттарына сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіруге арналған технологиялық, өлшеу және сынау жабдықтарының болуы, өндірілетін ветеринариялық препараттардың сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін аспаптармен және жабдықтармен (өлшеу құралдарының типін бекіту немесе метрологиялық аттестаттау мақсатында сынақтардың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшеу құралдары, көрсетілетін қызметті алушының қолымен расталған бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдық, "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өлшеу құралдарындағы салыстырып тексеру туралы сертификаттар және (немесе) салыстырып тексеру таңбасының бедерлері және/немесе өлшем құралдарын калибрлеу туралы сертификаттар, сондай-ақ сынақ зертханасын аккредиттеу аттестаты не аккредиттелген сынақ зертханамен жасалған шарт) жабдықталған аккредиттелген сынақ зертханасының не көрсетілген зертханалары бар ұйымдармен сынақ жұмыстарын (көрсетілетін қызметтерді) орындау туралы шарттың болуы:

1) Өлшеу құралдарының типін бекіту немесе метрологиялық аттестаттау мақсатында сынақтардың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшеу құралдары:

меншік құқығын растайтын құжат немесе заңды құқықтарды растайтын құжат ____

________________________________________

өлшеу құралдарының атауы және қысқаша сипаттамасы________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

___________________________________________________________________

____________________________________________________________________

өлшеу құралдарының мақсаты_____________________________________

____________________________________________________________________

шығарылған жылы және өндіруші ел ______________________________

_______________________________________________________________

зауыттық нөмірі және түгендеу күні ______________________________

техникалық паспорт нөмірі ________________________________________

2) көрсетілетін қызметті алушының қолымен расталған бақылау аспаптарына, қосалқы материалдарға, жабдыққа дайындаушы зауыттардың пайдалану паспорттарынан алынған мәліметтер:

бақылау аспаптарының, қосалқы материалдар мен жабдықтың атауы және қысқаша сипаттамасы ____________________________________________________

_______________________________________________________________________

паспорттың нөмірі ________________________________________________

паспорттың берілген күні__________________________________________

паспортты берген орган ________________________________

жабдықтың мақсаты_________________________________

3) өлшеу құралдарындағы салыстырып тексеру туралы сертификаттар және (немесе ) салыстырып тексеру таңбасының бедерлері және/немесе өлшем құралдарын калибрлеу туралы сертификаттар:

сертификаттар нөмірлері___________________________________________

берілген күні ____________________________________________________

сертификаттарды берген орган ____________________________________

сертификаттардың қолданылу мерзімі ___________бастап _______дейін

4) сынақ зертханасын аккредиттеу аттестаты не аккредиттелген сынақ зертханамен жасалған шарттар туралы мәліметтер:

сынақ зертханасын аккредиттеу аттестатының нөмірі _________________

_____________________________________________________________

берілген күні_____________________________________________________

аккредиттеу аттестатын берген орган _________________________________

құжаттың қолданылу мерзімі ____________ бастап ______________дейін

аккредиттелген сынақ зертханамен жасалған шарттың нөмірі __________

_______________________________________________________________________

шарттың жасалған күні_______________________

шарттың қолданылу мерзімі _________ бастап _________ дейін

3. Заңды тұлғалар үшін: басшылар мен мамандардың білікті құрамының: ветеринариялық препараттар өндірумен және өндірістік бақылаумен тікелей айналысатын бөлімшелерде "ветеринариялық медицина", "ветеринариялық санитария" мамандықтары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және (немесе) "ветеринария" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (колледж) білімі бар мамандардың (кемінде бір ветеринариялық дәрігер немесе фельдшер); ветеринариялық препараттар өндірумен және өндірістік бақылаумен тікелей айналысатын бөлімшелерде биотехнологиялық, химиялық немесе биологиялық жоғары немесе орташа білімі бар мамандардың; ветеринариялық препараттар өндірумен тікелей айналысатын бөлімшелер басшыларының және/немесе өндірістік бақылау бөлімшесі жұмыскерінің мамандық бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің, соңғы 5 жылда маманднуы немесе біліктілігін жетілдіру және біліктілігін арттырудың басқа да түрлерінің болуы.

Жеке тұлғалар үшін: "ветеринариялық медицина", "ветеринариялық санитария" мамандықтары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің және (немесе) "ветеринария" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (колледж) білімнің, мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің, соңғы 5 жылда маманданусы немесе жетілдіруі және біліктілігін арттырудың басқа да түрлерінің болуы.

1) техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамы туралы мәліметтер:
жоғарғы оқу орнының атауы_______________________________________
мамандық және біліктілік _________________________________________
лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары/орта білімі туралы дипломның нөмірі ______________________________________________
дипломның берілген күні _________________________________________
2) маманданудан/біліктілікті арттырудан өткені туралы мәліметтер:
маманданудан/біліктілікті арттырудан өткен мекеменің атауы __________
_______________________________________________________________
пән____________________________________________________________
сертификаттың нөмірі _____________________________
сертификаттың берілген күні______________________________

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 қаңтардағы
№ 7-1/69 бұйрығына
2-қосымша

## Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

| Р/с № | Біліктілік талаптары | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | Өндірістік-техникалық базаға құқық белгілейтін құжаттар немесе осы шарттар бір жылдан кем мерзімге жасалған жағдайда жалға алу немесе өтеусіз пайдалану немесе сенімгерлік басқару шартының көшірмелері; " Ветеринариялық құжаттарды беру | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға алу/өтеусіз пайдалану/сенімгерлік басқару) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде өндірістік-техникалық базаның бар болуы. | қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес берілетін ветеринариялық-санитариялық қорытынды. | өндірістік-техникалық база болған жағдайда, ақпарат жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесінен алынады. Ветеринариялық-санитариялық қорытынды туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесінен алады. |
| 2. | Стандарттау жөніндегі құжаттардың (ұлттық және өңірлік стандарттар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу үшін өлшемдерді орындау әдістемелері) бар болуы. Өлшеу құралдарының типін бекіту немесе метрологиялық аттестаттау мақсатында сынақтардың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшеу құралдарының бар болуы , "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өлшеу құралдарындағы салыстырып тексеру туралы сертификаттардың және ( немесе) салыстырып тексеру таңбасының бедерлерінің және/немесе өлшем құралдарын калибрлеу туралы сертификаттардың бар | Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | болуы, ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу үшін стандартты тестілердің бар болуы. | ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны. | |
